

«Ғ.Ақтаев атындағы №6 мектеп-гимназиясы» КММ  
Бұйрық № 157.2

10.10.2023ж.

Ақтөбе қаласы

**«Даналық мектебі» клубының  
қызметін жүзеге асыру туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің төрағалығымен өткен кеңестің 2023 жылғы 4 қыркүйектегі №28 хаттамасының 2.4 тармағын, «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты, Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институтының ғылыми-әдістемелік кеңесі ұсынған (15.08.2023 жылғы № 4 хаттама) «Білім беру ұйымдарында ата-аналарды педагогикалық колдау бойынша нұсқаулық», Ақтөбе облысының білім басқармасының № 2/4423 хаты, Ақтөбе қаласының білім бөлімінің №03-03/2181 10.10.2023ж.шығыс хаты негізінде

**БҰЙЫРАМЫН:**

1.2023-2024 оқу жылында мектеп-гимназиясында «Даналық мектебі» клубының қызмет жұмысы ұйымдастырылсын.

1.1. «Даналық мектебі» клубының жоспары құрылып, жұмыс кестесі бекітілсін.

«Даналық мектебі» клубы қызметінің мақсаты – аға буынның педагогикалық әлеуетін өзектендіру арқылы ата-аналардың позитивті мәдениетін дамытуға жәрдемдесу.

Клубтың міндеттері:

- аға буынның бастамашыл және ресурстық өкілдерін позитивті ата-ана мәдениетін дамыту жөніндегі жұмысқа тарту;
- ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді білім берудің негізгі өзегіне айналдыруға жәрдемдесу;
- өскелең ұрпақты тәрбиелеуде халықтың ұлттық құндылықтары мен педагогикалық дәстүрлерін қолданудың оң тәжірибесін таратуға ықпал ету.

«Даналық мектебі» клубының қызметінен күтілетін нәтиже: позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру және өскелең ұрпақты тәрбиелеудің өзекті мәселелерін шешу үшін аға буынның тәжірибесін табысты пайдалану. Әрбір қызмет бағытының орасан зор педагогикалық әлеуетін ескере отырып, клубтың барлық 4 секциясы ашылып, ұйымдастырылсын.

1. «Ата өсиеті»
2. «Әже даналығы»
3. «Аға қамқорлығы»
4. «Женге кеңесі»

2. «Даналық мектебі» клубы қызметінің жұмыс тобы бекітілсін:

1. Ж.О.Романова-мектеп-гимназиясы директоры
2. Д.Б.Муханбедиярова – директордың әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары
3. Б.З.Матаева, Г.Т.Жүсіп- директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары
4. Г.Шайрова, М.Базарбаева- мектеп кітапханашылары
5. О.Б.Шартикенова– жалпы ата-аналар кеңесінің төрайымы
6. Л.З.Жалмаханова- Қамқоршылық кеңесінің төрайымы
7. Қ.Қ.Куан- Қамқоршылық кеңес мүшесі
8. Б.Б.Гизатов - Қамқоршылық кеңес мүшесі
9. Б.Н.Нұрмағанбетов - “Әкелер” кеңесінің төрағасы, кеңес мүшесі
10. З.Сатыбалдина – шығармашыл ұстаз, «Құрақ өнері» шебер кластың жетекшісі
11. А.М.Балғабаева - “Аналар” кеңесінің төрайымы, кеңес мүшесі
12. А.Е.Туысова - шығармашыл ұстаз, «Зергерлік өнері» шебер кластың жетекшісі
13. 1-4 сынып жетекшілері: А.Жұмасейтова, Г.Турина, С.Қыстаубаева, О.Жусипова
14. 5-8 сынып жетекшілері: О.Есималиева, Д.Шанаева, Ш.Боханова, Д.Абугазиева
15. 9-11 сынып жетекшілері: Г.Иманғалиева, Н.Жақанова, Г.Жанай
16. Әлеуметтік педагогтар: Ә.Шүйінші, А.Әуелбекқызы
17. Педагог-психологтары: А.Канжагулова, Қ.Сагинбаева

3.Клуб мектептің нақты сұраныстары мен талаптарына сәйкес ұйымдастыру және өткізу жұмыстары директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына Б.З.Матаеваға, Г.Т.Жүсіпке жүктелсін;

4.«Даналық мектебі» қызметіне басшылық жасау және бақылау өзіме қалдырамын.

Мектеп-гимназиясы директорының м.а.

Д.Б.Муханбедиярова